



*«Арқалық қаласындағы облыстық № 2  
әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Әдістеме-библиография бөлімі*

## *Ұлтын ұлықтаған азамат*



*(мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының  
кандидаты Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 90 жыл)*

*Библиографиялық көрсеткіш*

*Арқалық 2021*



*«Арқалық қаласындағы облыстық  
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Әдістеме-библиография бөлімі*

## ***Ұлтын ұлықтаған азамат***

*(мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының  
кандидаты Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 90 жыл)*

*Библиографиялық көрсеткіш*

*Арқалық 2021*

**ӘОЖ 94(574):929**

**КБЖ 91.9:63.3**

**Ж 36**

Құраст., компют. терген: Г. К. Сейтқожина  
Жауапты ред.: Ә. Қ. Ахметжанова

**Құрастырушы:** Г. К. Сейтқожина

**Шығарылымға жауапты:** К. Б. Борибаева

**Мұқабаны безендірген:** С. М. Көшкінбай

**Редактор:** Ә. Қ. Ахметжанова

... Ұлтын ұлықтаған азамат [Мәтін] : (мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жыл толуына арналған) : библиографиялық көрсеткіш / Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; Г. К. Сейтқожина ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. Ә. Қ. Ахметжанова]. – Арқалық : [б.б.], – 44 б. сурет. – қазақ тілінде.

...Әдістеме-библиография бөлімі мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жыл толуына орай библиографиялық көрсеткішін дайындады.

Библиографиялық көрсеткішке Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметі жайындағы мағлұматтар берілген.

**ӘОЖ 94(574):929**

**КБЖ 91.9:63.3**

**© Г. К. Сейтқожина**

## Құрастырушыдан

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жыл мерейтойына орай «Ұлтын ұлықтаған азамат» атты библиографиялық көрсеткішін әзірлеп оқырман назарына ұсынды.

Библиографиялық көрсеткішке Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметі жайындағы мағлұматтар берілген.

Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген. Бөлімдер Ө. Жәнібековтің мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының, оның өмірі мен шығармашылығы жайындағы кітаптары мен мақалаларының, сондай-ақ әңгімелері мен сұхбаттарының тізімінен тұрады. Әдебиеттер тізімі әліпбилік ретпен орналастырылған.

Библиографиялық көрсеткішке 1973 жылдан бастап 2021 жылдың қаңтары аралығында баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материалдар енгізілген.

Көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген.

Басылым көпшілік оқырман қауымға арналған.

## *Тарихи мұра жанашыры*



Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты Жәнібеков Өзбекәлі 1931 жылы 28 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы Сарықамыс ауылында туған. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген. Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданында мектеп мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі болды. Бұдан кейін комсомол жұмысына ауысып, 1955 жылдан бастап, он бес жыл бойы Келес ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысының комсомол комитеттерінің, Қазақстан ЛКЖО ОК-нің 1-хатшысы

қызметтерін атқарды. 1970 жылы жаңадан ұйымдастырылған Торғай облысы партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болды. Өзі қызмет атқарған бес жылдың ішінде Торғай өңірінде көптеген ғылыми және мәдени ошақтардың ірге көтеруіне тікелей басшылық жасап, идеологиялық жұмысты барынша жандандырды.

Өзбекәлі Жәнібековтің басшылығымен Арқалық педагогикалық институты, Арқалық медицина және педагогикалық училищелері, Ө. Жангелдин мен А. Имановтың Далалық өлке музейі, облыстық музыкалық драма театры, «Шертер» ансамблі, аудандық мәдениет сарайлары мен клубтары ашылып жұмысқа кірісті, көрнекті қоғам қайраткерлеріне ескерткіштер орнатылды.

1970-1975 жылдары Қазақстан Компартиясы Торғай облысы комитетінің хатшысы, 1975-1977 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК-нің шет елдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі, 1977-1988 жылдары Қазақстан мәдениет министрінің орынбасары, 1987-1988 жылдары мәдениет министрі, 1988-1991 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК-нің хатшысы қызметтерін атқарды.

Қайраткер қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының жаңарып, дамуына үлес қосты. 20-шы ғасырдың 70-жылдары Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің қалпына келтірілуіне ұйытқы болды. Оның бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында этнографиялық музейлер ашылды, Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» қоғамы құрылды. «Шертер», «Адырна», «Алтынай», т.б. фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. «Наурыз» мейрамының, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев есімдерінің халқына қайта оралуына белсене ат салысты. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты.

«Қазақтың ұлттық қол өнері», «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жолайрықта», «Қазақ киімі», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы» т.б. еңбектері жарық көрген.

КСРО-ның 3 мәрте «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, медальдармен марапатталған. Алматы қаласында тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылған. Торғай облыстық тарихи өлкетану мұражайында қайраткерге арналып мүйіс ашылған.

Өзбекәлі Жәнібековтің мәйіті өз өсиеті бойынша Түркістандағы Арыстан баб кесенесінің жанына жерленген.

### ***Шығармалары:***

1. Жәнібек, Ө. Дәстүр және уақыт [Мәтін] / Ө. Жәнібек. – 2-ші бас., толық. Астана : Алтын кітап, 2007. – 248 б.
2. Жәнібек, Ө. Жарияланбаған жазбалар мен ол туралы естеліктер [Мәтін] : естеліктер] / Ө. Жәнібек ; жауапты ред.: Ғ. Қабдолқайырұлы. – Алматы : Арыс, 1999. – 240 б.
3. Жәнібеков, Ө. Жолайырықта [Мәтін] : көкейсті тақырыпқа сұхбат / Ө. Жәнібеков ; суретшісі: Г. Сидоров. – Алматы: Рауан, 1995. – 111 б.
4. Жәнібеков, Ө. Қазақ киімі=Казахский костюм [Мәтін] : альбом / Ө. Жәнібеков. – Алматы: Өнер, 2005. – 160 б.
5. Жәнібеков, Ө. Қазақ киімі=Казахский костюм [Мәтін] : альбом / Ө. Жәнібеков ; [көркемдеген және макет үлгісін жасағ.: Ж. Болатаев, С. Мұхтарұлы, Б. Оспанов ; ағылшын тілінен ауд.: Д. Тұяқева, Н. Роднова]. – Алматы: Рауан, 1996. – 192 б.
6. Жәнібеков, Ө. 1916 жыл [Мәтін] : әңгімелер, өлеңдер мен дастандар : қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің 80 жылдығына / жауапты ред.: Ө. Жәнібеков. - өңд. толықт., 2-бас. – Алматы : Рауан, 1996. – 208 б.
7. Жәнібеков, Ө. Тағдыр тағылымы: Есте қалғандар. Азаматтық парыз. Жаңа заман айшықтары [Мәтін] : естеліктер / Ө. Жәнібеков. – Алматы : Рауан, 1996. – 192 б.
8. Жәнібеков, Ө. Тағдыр тағылымы: Есте қалғандар. Азаматтық парыз. Жаңа заман айшықтары [Мәтін] : естеліктер : 2-кітап / Ө. Жәнібеков. – Алматы : Рауан, 1997. – 136 б.
9. Жәнібеков, Ө. Таңдамалы шығармалар жинағы [Мәтін]. 1-кітап / Ө. Жәнібеков. – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2011. – 320 б.
10. Жәнібеков, Ө. Таңдамалы шығармалар жинағы [Текст]. 2-кітап / Ө. Жәнібеков. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. – 320 б.;
11. Жәнібеков, Ө. Уақыт керуені [Мәтін] / Ө. Жәнібеков. – Алматы : Жазушы, 1992. – 192 б.

## *Ол туралы әдебиеттер:*

12. Айтбайұлы, Ө. Тілғұмырлар [Мәтін] : қазақ лингвистері мен тіл жанашырлары. 4-том / Ө. Айтбайұлы. – Алматы : Абзал Ай, 2014. – 400 б.
13. Әкімқұлұлы, Е. Өзбекәлі Жәнібеков [Мәтін] : ғұмырнамалық деректі хикаят / Е. Әкімқұлұлы. – Алматы : Қазақстан, 2006. – 240 б.
14. Ергөбек, Қ. Баянсөз [Мәтін] : (баянды өмірден өрілген өнеге) / Қ. Ергөбек. – Тараз: Сенім, 2019. – 512 б.
15. Ерман, Ж. Екі тізгін бір шылбыр [Мәтін] : жинақ / Ж. Ерман. – Алматы : Атамұра, 2008. – 320 б.
16. Ерман, Ж. Шығармалар жинағы [Мәтін] : [көркем очерктер, естелік-эсселер]. Т. 3 / Ж. Ерман. – Алматы : Сардар, 2018. – 304 б.
17. Жәкішева, З. Өзбекәлі Жәнібек тағылымы [Мәтін] // З. Жәкішева. – Алматы, 2011. – 162 б.
18. Жәнібеков Өзбекәлі [Мәтін] // Қазақстан ғалымдары : энциклопедиялық анықтамалық. 1-том. А-К / бас ред.: Б. Ө. Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Б. 508–509.
19. Жәнібеков Өзбекәлі [Мәтін] // Қазақстан : ұлттық энциклопедия. 3-том. Г- Ж / бас ред.: Ө. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – Б. 618–619.
20. Жәнібеков Өзбекәлі [Мәтін] // Торғай елі : энцикл. / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 190–191.
21. Жолдасбеков, М. Асылдарым [Мәтін] : эсселер, ойлар, тебіреністер. 4-том. Жеті томдық / М. Жолдасбеков ; алғы сөз жазғ.: И. Тасмағамбетов. – Астана : Күлтегін, 2012. – 360 б.
22. Жолдасбеков, М. Кісілік кітабы [Мәтін] : [мақалалар, ой-толғамдар] / М. Жолдасбеков. – Астана : Фолиант, 2017. – 400 б.
23. Қозыбаев, М. Шығармалары [Мәтін]. 6-том. Тұлғалар тұғыры / М. Қозыбаев. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 328 б.
24. Рух сарбазы [Мәтін] : [естеліктер] / құраст.: Қ. Ергөбек ; алғы сөз жазған: Б. Сыздықов. – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2011. – 320 б.
25. Сарбалаев, Б. Түркістан – ер түріктің бесігі ғой [Мәтін] : [жинақ] / Б. Сарбалаев, А. Қадырбаева, М. Мәлік. – Алматы : Әдебиет, 2020. – 416 б.
26. Адырбек, Баян. Өзбекәлі Жәнібектің қоғамдық-саяси қызметі және ғылыми мұрасы [Мәтін] : тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Б. Адырбек. – Алматы, 2009. – 26 б.



### *Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:*

27. Жәнібеков, Өзбекәлі. Ақылға қонымды үйлесімділік қажет [Мәтін] : [ұлтаралық қатынастарды жетілдіру туралы] / Өзбекәлі Жәнібеков // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 3 наурыз. – Б. 4.
28. Жәнібеков, Өзбекәлі. Алтын домбыра жайлы аңыз [Мәтін] : [қазақ музыка тарихы туралы] / Өзбекәлі Жәнібеков // Қазақ әдебиеті. – 1984. – 6 қаңтар. – Б. 4.
29. Жәнібеков, Өзбекәлі. Ардагер Аманкелді – ердің ері [Мәтін] : [батыр А. Имановтың 100 жылдығына орай ұйымдастырылған ғылыми-теориялық конференциясынан] / Өзбекәлі Жәнібеков // Торғай таңы. – 1973. – 28 наурыз. – Б. 2.
30. Жәнібеков, Өзбекәлі. Ата-баба мұрасы, уақыт пен өнер таланттары тұрғысынан [Мәтін] : [этнограф-ғалым, өнертанушы Ө. Жәнібековтің мұралары туралы] / Өзбекәлі Жәнібеков // Егемен Қазақстан. – 1992. – 3 қазан. – Б. 4.
31. Жәнібеков, Өзбекәлі. Ата – мекен [Мәтін] : [қазақтың қолтума өнері туралы] / Өзбекәлі Жәнібеков // Халық кеңесі. – 1993. – 10 наурыз. – Б. 3.
32. Жәнібеков, Өзбекәлі. Өсемдік әлемі [Мәтін] : [қазіргі қазақ эстрадасы, халықтық ән-би, күй жайында] / Өзбекәлі Жәнібеков // Парасат. – 2003. – № 5. – Б. 10–11.
33. Жәнібеков, Өзбекәлі. Би қағанаты [Мәтін] : [қазақтың би өнерінің тарихы және оның зерттелуі туралы] / Өзбекәлі Жәнібеков // Қазақ әдебиеті. – 1984. – 27 июль. – Б. 12–18.
34. Жәнібеков, Өзбекәлі. Ежелгі Отырар [Мәтін] : [көне қалалар туралы] / Өзбекәлі Жәнібеков // Халық кеңесі. – 1995. – 6 қазан. – Б. 4.
35. Жәнібеков, Өзбекәлі. Жас дарынға аялы алақан керек [Мәтін] : [Қазақстан Жазушылар одағында сөйлеген сөзі] / Өзбекәлі Жәнібеков // Қазақ әдебиеті. – 1988. – 29 июль. – Б. 1–2.
36. Жәнібеков, Өзбекәлі. Иек асар жалғыз күдірет [Мәтін] : [ата-баба мұрасын қорғау және сақтау туралы] / Өзбекәлі Жәнібеков // Ақиқат. – 1993. – № 1. – Б. 25–30.
37. Жәнібеков, Өзбекәлі. Мен осы неден қорқам ағайын! [Мәтін] : [Қазақстанның ұлттық бағдарламасы туралы] / Өзбекәлі Жәнібеков // Түркістан. – 1994. – 30 қараша. – Б. 4.
38. Жәнібеков, Өзбекәлі. Мұным ділмәрсу емес [Мәтін] : [қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері туралы] / Өзбекәлі Жәнібеков // Егемен Қазақстан. – 1995. – 5 қазан. – Б. 4.
39. Жәнібеков, Өзбекәлі. Мұрамыздың бір бөлігі [Мәтін] : [қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері] / Өзбекәлі Жәнібеков // Қазақ әдебиеті. – 1984. – 13 сәуір ; Қазақстан мектебі. – 1984. – № 6. – Б. 68–69.

40. Жәнібеков, Өзбекәлі. Өмірден өрбіген ойлар [Мәтін] : [қазақ тілін, дәстүрлі мәдениетті сақтау туралы] / Өзбекәлі Жәнібеков // Егемен Қазақстан. – 1992. – 9 ақпан. – Б. 2–3.
41. Жәнібеков, Өзбекәлі. Тарих өткелдерінің ізімен [Мәтін] : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібековтің тарих туралы естелігі] / Өзбекәлі Жәнібеков // Қазақ тарихы. – 1996. – № 1. – Б. 8–9.
42. Жәнібеков, Өзбекәлі. «Ұзын арқан кең тұсауға» жібермесек [Мәтін] : [қазақ халқының ұлттық өнері туралы] / Өзбекәлі Жәнібеков // Егемен Қазақстан. – 1995. – 19 желтоқсан. – Б. 4.

### *Мақалалар, сұхбаттар, әңгімелер:*

43. Абанқызы, Айғаным. Өзбекәлі Жәнібеков тағылымы [Мәтін] : [мемлекет қайраткері, этнограф Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Айғаным Абанқызы // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 26 желтоқсан.; 28 шілде – Б. 3.
44. Ағайынға арқа сүйеген [Мәтін] : [«Арқас» өрбіту қорының президенті Өзбекәлі Жәнібековпен сұхбат] / әңгімелескен А. Әбіш // Егемен Қазақстан. – 1992. – 23 қыркүйек. – Б. 4.
45. Адырбек, Баян. Ө. Жәнібек – қазақ халқының материалдық мәдениетін жаңғыртушы [Мәтін] : [халқымыздың ұлттық мәдениетінде ғылыми мұра қалдырған тарихшы Ө. Жәнібек туралы] / Баян Адырбек // Қазақ тарихы. – 2007. – № 5. – Б. 75–76.
46. Адырбекұлы, Көлбай. Адалдық пен тазалықтан жаралған [Мәтін] : [мәдениеттанушы, этнограф Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Көлбай Адырбекұлы // Түркістан. – 2004. – 13 мамыр. – Б. 7.
47. Адырбекұлы, Көлбай. Ұлт рухының символы [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Көлбай Адырбекұлы // Түркістан. – 2011. – 27 қазан. – Б. 8.
48. Ата-баба аманатын арқалаған ансамбль [Мәтін] : [Өзбекәлі Жәнібековтың шәкірті Бағдат Тілегеновпен сұхбат] / әңгімелескен Дина Имамбаева // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 9 сәуір. – Б. 1, 12–13.
49. Әкімқұлұлы, Еркінбай. Шыңды алумен шыңдалған [Мәтін] : өнертанушы Ө. Жәнібековтің халық сәулеткерлігіне арналған "Жолайырықта" кітабы туралы / Еркінбай Әкімқұлұлы // Егемен Қазақстан. – 1995. – 8 маусым. – Б. 4.
50. Әкем өте ашық және турашыл адам болды [Мәтін] : [Өзбекәлі Жәнібековтың ұлы Бауыржан Жәнібековпен сұхбат] / сұхбаттасқандар Риза Исаева мен Динара Боранбекқызы // Аңыз адам. – 2017. – № 11. – Б. 34–35.

51. Әлиев, Мұхтар. Дара тұлғалар дәуірмен қоштасып жатыр... [Мәтін] : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Мұхтар Әлиев // Егемен Қазақстан. – 1998. – 24 ақпан. – Б. 3.
52. Байжігіт, Ғалымжан. «Музей» – жас ұрпаққа рухани тәрбие беру орны [Мәтін] : [музей жұмысы туралы] / Ғалымжан Байжігіт // Дәстүр. – 2019. – № 5. – Б. 63–65.
53. Байтұрсынұлы, Дәулетбек. «...Болмайды, өтірік айтуға болмайды» [Мәтін] : [ғалым Кеңес Қожахметұлы] / Дәулетбек Байтұрсынұлы // Әдебиет айдыны. – 2008. – 23 қазан. – Б. 6–7.
54. Бердібай, Рахманқұл. Алашқа тұлға болған [Мәтін] : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Рахманқұл Бердібай // Егемен Қазақстан. – 1998. – 24 ақпан. – Б. 3.
55. Бибатырова, Ғайникен. Өзбекәлі Жәнібеков [Мәтін] : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Ғайникен Бибатырова // Түркістан. – 2001. – 10 қараша. – Б. 7.
56. Данияров, Б. Заманынан озып туған ер тұлға [Мәтін] : [ел мәдениетінің жанашыры – Өзбекәлі Жәнібеков] / Б. Данияров // Жас қазақ үні. – 2011. – № 35–36. – Б. 6.
57. Дарханбаев, Ж. Көңіл құсы шарықтады аспанға [Мәтін] : [қаламыздағы «Торғай әуендері» фестивалінің 40 жылдығына арналған бас қосу туралы] / Ж. Дарханбаев // Арқалық хабары. – 2011. – 14 қазан. – Б. 2.
58. Елдің жүгін арқалап... [Мәтін] : [қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы] // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 18 тамыз. – Б. 17.
59. Елтебаева, Гүлбану. Тағылымды ғұмыр [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Гүлбану Елтебаева // Қазақ. – 2011. – 7 қазан. – Б. 8.
60. Елшібай, Ғалымжан. Ұлылардан қалған мұра [Мәтін] : [Түркістан қаласында өткен «Ұлттық қолөнер – ұлы мұра» фестивалі] / Ғалымжан Елшібай // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 12 наурыз. – Б. 12.
61. Ергөбек, Құлбек. Бас музейші [Мәтін] : [мәдениет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің музей жасақтаудағы еңбегі туралы] / Құлбек Ергөбек // Егемен Қазақстан. – 2008. – 26 наурыз. – Б. 4.
62. Ергөбек, Құлбек. Өзбекәлі Жәнібеков [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Құлбек Ергөбек // Егемен Қазақстан. – 2011. – 12 қазан. – Б. 7.
63. Ергөбек, Құлбек. Өзбекәлі Жәнібеков [Мәтін] : [мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Құлбек Ергөбек // Мәдени мұра=Культурное наследие. – 2018. – № 1. – Б. 4.
64. Есенәлиев, М. Өзбекәлі өзгелерге ұқсамайтын [Мәтін] : [мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков] / М. Есенәлиев // Аңыз адам. – 2017. – № 11. – Б. 12–15.
65. Есенәлиев, М. Ұлтын ұлықтаған азамат [Мәтін] : [этнограф Ө. Жәнібеков туралы естелік] / М. Есенәлиев // Парасат. – 1998. – № 7. – Б. 24–26.

66. Есмағанбетов, Қайрат. Еңбек адамдарын ардақтаған эстафета [Мәтін] : [«Еңбек Даңқы» кітабы Арқалықтан Қарасу ауданына аттанады] / Қайрат Есмағанбетов // Арқалық хабары. – 2015. – 16 қазан. – Б. 1, 3.
67. Есмырза, Ұлжалғас. От киіздің жасалу ерекшеліктері [Мәтін] : [қолөнердің бір түрі – от киіз] / Ұлжалғас Есмырза // Дәстүр. – 2015. – № 5. – Б. 14–15.
68. Жаубасова, Тілеукеш. Қазақ музейлері қалай құрылды? [Мәтін] : [өнер зерттушісі Ө. Жәнібековтің шәкірті Тілеукеш Жаубасовамен сұхбат] / сұхбаттасқан Қарашаш Тоқсанбай // Егемен Қазақстан. – 2011. – 2 наурыз. – Б. 7.
69. Жәкішова, Зәбира. Аспаптану. Археологиялық деректер [Мәтін] : [аспапты-музыкалық археология ісі жайында] / Зәбира Жәкішова // Мәдениет. – 2014. – № 7. – Б. 4–11.
70. Қазақ музейлері қалай құрылды? [Мәтін] : [өнер зерттушісі Ө. Жәнібековтің шәкірті Тілеукеш Жаубасовамен сұхбат] / әңгімелескен Қарашаш Тоқсанбай // Егемен Қазақстан. – 2011. – 2 наурыз. – Б. 7.
71. Жолдасбеков, Мырзатай. Өмірі – өнеге, тірлігі – тағлым [Мәтін] : [мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Мырзатай Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. – 2006. – 27 желтоқсан. – Б. 4.
72. Жолдасбеков, Мырзатай. Қош асыл аға! [Мәтін] : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Мырзатай Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. – 1998. – 24 ақпан. – Б. 3.
73. Жұмабай, Әбілмәжін. Өлмес іс, өшпес із қалдырған [Мәтін] : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Әбілмәжін Жұмабай // Түркістан. – 2001. – 10 қараша. – Б. 7.
74. Иманбаева, Алтын. Көненің көзі [Мәтін] : [мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Алтын Иманбаева // Мәдениет. – 2018. – № 8. – Б. 22–23.
75. Камалов, Бахтияр. Желтоқсан оқиғасы үшін бюродан қатаң сөгіс алып шықты [Мәтін] : [Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Бахтияр Камалов // Аңыз адам. – 2017. – № 11. – Б. 29.
76. Кекілбайұлы, Әбіш. Рух сардары бола білді [Мәтін] : [мәдениеттанушы, мемлекет қайраткері Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Әбіш Кекілбайұлы // Егемен Қазақстан. – 1998. – 24 ақпан. – Б. 3.
77. Кемелжан, Жарас. Қазақтың ұлттық бас киімі [Мәтін] : [ұлттық бас киім] / Жарас Кемелжан // Жас қазақ. – 2016. – 11 қараша. – Б. 16.
78. Кенжеқұлова, Айнұр. Мәңгілік өлмес мұра [Мәтін] : [музыкалық аспаптардың шығу тарихы жайында] / Айнұр Кенжеқұлова // Дәстүр. – 2015. – № 2. – Б. 28–31.
79. Кеңбейіл, Мырзабай. Торғайдың Өз-ағасы [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайреткері Өзбекәлі Жәнібеков ғибраты] / Мырзабай Кеңбейіл // Замандастар заңғары. – Алматы. 2009. – Б. 232–246.

80. Әкелер жіберген қателік – балаларға сабақ [Мәтін] : [ғалым Кеңес Қожахметұлымен сұхбат] / сұхбаттасқан Бағашар Тұрсынбайұлы // Қазақ әдебиеті. – 2014. – 21 наурыз. – Б. 4.
81. Қалдыбай, Мамытбек. Тарихшының ерлігі [Мәтін] : [тарихшы, ғалым Кеңес Қожахметов туралы] / Мамытбек Қалдыбай // Қазақ әдебиеті. – 2008. – 31 қазан. – Б. 12–13.
82. Қайырбеков, Әділғазы. Өзағанның өнегесі [Мәтін] : [жазушы Сәбит Мұқановтың музей үйінің ашылуы туралы] / Әділғазы Қайырбеков // Қазақ әдебиеті. – 2010. – 12 ақпан. – Б. 5.
83. Қарашаңырақтағы қауышу [Мәтін] : [мұражайға Ө.Жәнібеков мүсінінің орнатылуы] // Торғай. – 2001. – 3 тамыз. – Б. 4.
84. Қасенова, Рая. Өз-ағаң негізін қалаған өміршең музей [Мәтін] : [Арқалық мұражайы туралы] / Рая Қасенова // Мәдени мұра. – 2016. – № 5. – Б. 50–54.
85. Қирабаев, Серік. Өзбекәлі Жәнібеков [Мәтін] : [этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібеков туралы естелік] / Серік Қирабаев // ANA TILI. – 2020. – 5–11 наурыз. – Б. 5.
86. Қирабаев, Серік. Халық мүддесінің жоқшысы [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков жайында] / Серік Қирабаев // – Алматы, 2001. – Б. 396–404.
87. Қожа, Мұхтар. Өзбекәлі ағамыздың бір хаты [Мәтін] : [зерттеуші-ғалым Ө. Жәнібековтің мәдени мұраны зерттеу мен сақтауға арналған бір хаты туралы] / Мұхтар Қожа // Егемен Қазақстан. – 2001. – 28 сәуір. – Б. 11.
88. Қозыбаев, Манаш. Қайран, шолақ дүние-ай! [Мәтін] : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Манаш Қозыбаев // Егемен Қазақстан. – 1998. – 24 ақпан. – Б. 3.
89. Құлабай, Нұрқанат. Арқалық музейіндегі көне жиһаздар [Мәтін] / Нұрқанат Құлабай // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 13 қаңтар. – Б. 13.
90. Мақанов, Қайыржан. «Шертер» ансамблі тарихынан бір үзік сыр [Мәтін] / Қайыржан Мақанов // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 20 қыркүйек. – Б. 6.
91. Мәжитұлы, Б. Хатшы мен композитор [Мәтін] : [композитор Бейбіт Дәлденбайдың Өзбекәлі Жәнібеков туралы естелігі] / Б. Мәжитұлы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 28 қаңтар. – Б. 8.
92. Мұқатов, Нағашыбай. От сезіммен оралдым Отырардан [Мәтін] : [палуан Қажымұқан Мұңайтпасов пен қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековті еске түсіруге арналған республикалық мәдени шарадан ой-толғам] / Нағашыбай Мұқатов // Қостанай таңы. – 2011. – 18 қараша. – Б. 7.
93. Мұқатов, Нағашыбай. Ұлттың ұлы [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы сыр] / Нағашыбай Мұқатов // Қостанай таңы. – 2008. – 10 қыркүйек. – Б. 4.
94. Мұртаза, Шерхан. Ақ жолмен өткен азамат [Мәтін] : [мемлекет қайраткері Ө. Жәнібеков туралы] / Шерхан Мұртаза // Аңыз адам. – 2017. – № 11. – Б. 17–18.





95. Мұртаза, Шерхан. Алла сызығынан аспақ жоқ [Мәтін] : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Шерхан Мұртаза // Егемен Қазақстан. – 1998. – 24 ақпан. – Б. 3.
96. Мұстапаева, Д. Тайқазан [Мәтін] : [Түркістан қаласында орналасқан тайқазан жайында] / Д. Мұстапаева // Мәдени мұра. – 2015. – № 4. – Б. 55–59.
97. Найманбай, Аманжол. Өзаға туралы үзік сыр [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Аманжол Найманбай // Түркістан. – 2011. – 27 қазан. – Б. 8.
98. Несіпбай, Айқын. Өзағаң негізін қалаған [Мәтін] : [Өзағаң ашқан Жезқазған театрының бүгінгі жай-күйі қандай?] / Айқын Несіпбай // Егемен Қазақстан. – 2001. – 14 наурыз. – Б. 4.
99. Ол – болашақтың адамы! [Мәтін] : [Өзбекәлі Жәнібеков туралы сұхбат] / сұхбаттасқан Өтіркүл Тәшімова // Жұлдыздар отбасы. – 2013. – № 8. – Б. 34–35.
100. Ол өз өмірінде бір-ақ рет уәде берді [Мәтін] : [Өзбекәлі Жәнібековтың жұбайымен сыр-сұхбат] / сұхбаттасқан Ермек Жұмахметұлы // Жұлдыздар отбасы. – 2013. – № 8. – Б. 32–33.
101. Ол өз өмірінде бір-ақ рет уәде берді [Мәтін] : [зерттеуші-ғалым Ө. Жәнібековтың жұбайы Қалихан Айдосқызымен сұхбат] / әңгімелескен Ермек Зәңгіров // Қостанай таңы. – 2005. – 8 шілде. – Б. 8.
102. Оразалин, Нұрлан. Ұлтының ұлы махаббатын арқалаған... [Мәтін] : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Нұрлан Оразалин // Егемен Қазақстан. – 1998. – 24 ақпан. – Б. 3.
103. Оспанова, Дана. Ұлт мәдениетінің қайраткері [Мәтін] : [этнограф Өзбекәлі Жәнібековтың тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғаудағы қосқан үлесі туралы] / Дана Оспанова // Eurasia. – 2001. – 9 қыркүйек. – Б. 4–5.
104. Отанның шынайы патриоты еді [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы сыр] / С. Кенжебаев, Қ. Сұтанов, С. Әбдірахманов, И. Тасмағамбетов // Егемен Қазақстан. – 1998. – 24 ақпан. – Б. 3.
105. «Өткенге оймен қараймын...» [Мәтін] : [қоғам қайраткері Ө. Жәнібековпен сұхбат] / әңгімелескен Ө. Амангелді // Зерде. – 1998. – № 2. – Б. 11–13.
106. «Өттің-ау, дәурен бізден де...» [Мәтін] : [мәдениеттанушы Өзбекәлі Жәнібековпен әңгіме] / әңгімелескен Ө. Амангелді // Зерде. – 1998. – № 3. – Б. 18–19.
107. Өз-ағаң жұмыста арыстанның терісін жамылып алатын [Мәтін] : [Өзбекәлі Жәнібеков туралы суретші-дизайнер Аманжол Найманбаевпен сұхбат] / сұхбаттасқан Риза Исаева // Жұлдыздар отбасы. – 2013. – № 8. – Б. 38–39.

108. Өзекеңе көпшіліктің құрметінен артық сый-сияпат керек болған жоқ [Мәтін] : [Өзбекәлі Жәнібеков туралы естелік] / сұхбаттасқан Анар Әлдибекова // Аңыз адам. – 2017. – № 11. – Б. 20–23.
109. Өзбекәлі Жәнібеков жолдасты Қазақ ССР мәдениет министрі етіп тағайындау туралы [Мәтін] : [Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президумының Указы] // Социалистік Қазақстан. – 1987. – 29 қыркүйек. – Б. 4.
110. Өмірбеков, Жұмағали. Торғай өзағанды іздейді... [Мәтін] : [зерттеуші-ғалым Ө. Жәнібековтің ұлтжандылығы туралы] / Жұмағали Өмірбеков // Егемен Қазақстан. – 2000. – 22 ақпан. – Б. 6.
111. Өмірбеков, Жұмағали. Ұлтының адал ұлы еді [Мәтін] : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Жұмағали Өмірбеков // Ұлт тағылымы. – 2000. – № 1. – Б. 4–8. ; Торғай. – 2000. – 12 мамыр. – Б. 4.
112. Панзабеков, К. Алаштың бір арысы еді [Мәтін] : [қоғам қайраткері, этнограф Өзбекәлі Жәнібеков] / К. Панзабеков // Үркер. – 2011. – № 9. – Б. 34–36.
113. Республикалық конференция өтті [Мәтін] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2021. – 5 наурыз. – Б. 3.
114. Садықов, Сейдулла. Асыл ағаның шарапаты [Мәтін] : [Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Сейдулла Садықов // Қазақ үні. – 2013. – 9 сәуір. – Б. 12–13.
115. Сардарбек, Күләш. Тектілік [Мәтін] : [Қазақстанның мәдениет министрі болған Мүсілім Базарбаев пен Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Күләш Сардарбек // Егемен Қазақстан. – 2017. – 11 мамыр. – Б. 13.
116. Сәрсенбай, Қали. Өзағаң: өнеге мен өкініш [Мәтін] : [Өзағаңның өзекті ойларының маңыздылығы туралы] / Қали Сәрсенбай // Егемен Қазақстан. – 2006. – 26 шілде. – Б. 11.
117. Сәрсенғалиева, Майра. Мұражай-рухани және материалдық мәдениет ошағы [Мәтін] : [облыстық Дала өлкесі тарихы мұражайы] / Майра Сәрсенғалиева // Торғай. – 2015. – 11 желтоқсан. – Б. 5.
118. Смайылов, Камал. Жұмыс десе өзін де, өзгені де аямайтын [Мәтін] : [қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Камал Смайылов // Аңыз адам. – 2017. – № 11. – Б. 19.
119. Смайылов, Камал. Халқының асыл перзенті [Мәтін] : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Камал Смайылов // Егемен Қазақстан. – 1998. – 24 ақпан. – Б. 3.
120. Сыпатайқызы, Зәбира. Мұражай жанашыры [Мәтін] : [этнограф Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Зәбира Сыпатайқызы // Мәдени мұра. – 2013. – № 3. – Б. 82–85.
121. Тоқтарбаев, Елдос. Әдет-ғұрып – кез келген ұлттың тірегі [Мәтін] : [этнография саласы туралы] / Елдос Тоқтарбаев // Дәстүр. – 2015. – № 3. – Б. 9.

122. Тұрғынбекұлы, Серік. Өз ағам [Мәтін] : [мәдениет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков қызметі туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2010. – 8 қазан. – Б. 7.
123. Түркістандықтар Өзбекәлі Жәнібековті еске алды [Мәтін] : [ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековті еске алу] // Қала мен дала. – 2019. – 30 тамыз. – Б. 7.
124. Уахитов, Балтабай. Оңтүстікке сапар [Мәтін] : [қазақ батыры Қасым хан Хақназар ханның кесенесінің ашылу туралы] / Балтабай Уахитов // Аманкелді арайы. – 2012. – 23 қараша. – Б. 4.
125. «Ұлттық игі қасиеттерге ұқыпты болайық» [Мәтін] : [этнограф-ғалым Ө. Жәнібековпен сұхбат] / әңгімелескен Бақыт Сарыбалаұлы // Ана тілі. – 1994. – 31 наурыз. – Б. 4–5.
126. Ұлттық бағдарламасыз болашақты болжау қиын [Мәтін] : [этнограф-ғалым, өнертанушы Өзбекәлі Жәнібековпен сұхбат] / сұхбаттасқан Қ. Сәрсенбай // Парасат. – 1996. – № 3. – Б. 12–13.
127. «Ұлттық игі қасиеттерге ұқыпты болайық» [Мәтін] : [этнограф-ғалым Ө. Жәнібековпен сұхбат] / сұхбаттасқан Бақыт Сарыбалаұлы // Ана тілі. – 1994. – 31 наурыз. – Б. 4–5.
128. Ұлттың ұстазы [Мәтін] : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков туралы естелік] // Жас Алаш. – 1998. – 26 ақпан. – Б. 3.
129. Хабдина, Балжан. Бұдан жиырма жыл бұрын [Мәтін] : [ақын Бақытжан Қанапияновтың қалай қуғынға ұшырауы туралы] / Балжан Хабдина // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 17 қараша. – Б. 12.
130. Этнограф Өзбекәлі Жәнібеков [Мәтін] : [этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібеков туралы] // Дәстүр. – 2014. – № 3. – Б. 6–7.
131. Шоманұлы, Ә. Өркенді өнер ордасы [Мәтін] : [Жезқазғандағы музыкалық драма театры туралы] / Ә. Шоманұлы // Театр. kz. – 2016. – № 3. – Б. 47–48.
132. Шөкен, Майра. Алаштың азаматына ақ алғыс [Мәтін] : [мұражайда Ө. Жәнібековке арнайы мүйіс ашылуы] / Майра Шөкен // Торғай. – 1998. – 10 шілде. – Б. 4.
133. Шүкірұлы, Сабыржан. Өзағаң өзгеше адам еді [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / Сабыржан Шүкірұлы // Егемен Қазақстан. – 2011. – 13 қыркүйек. – Б. 5
134. Шығыстану факультетінің ашылуына көмектескен [Мәтін] : [Өзбекәлі Жәнібеков туралы академик Әбсаттар қажы Дербісәлінің сұхбаты] / сұхбаттасқан Әзел Бауыржанқызы // Аңыз адам. – 2017. – № 11. – Б. 24.
135. Этнограф Өзбекәлі Жәнібеков [Мәтін] : [этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібеков туралы] // Дәстүр. – 2014. – № 3. – Б. 6–7.



Ўзбекәлі Жәнібеков шығармалары:



### ***Замандастар пікірі:***



«Жұртына құрбан болсам деп, атыңа тұрман болсам деп», ел жүгін көтеруге жаралған сирек жандардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков еді.

**Рахманқұл Бердібаев,**

**академик, филология ғылымдарының докторы**



Елім деп туған қайсар жан... Құдай берген құдіретті күштің арқасында ол энциклопедиялық білімнің иегері еді. Ол – бірегей ұйымдастырушы, бірегей ұйытқы. Ол музыканы керемет білетін. Ол – этнограф. Ол – философ. Оның халыққа сіңірген еңбегін тізбелеп шығу үшін ғана үлкен кітап жазу керек. Өзбекәлі Жәнібеков бүкіл саналы өмірінде қазақ халқының дүниежүзілік цивилизацияға қосқан үлесін дәлелдеумен өтті.

**Шерхан Мұртаза,  
Қазақстанның Халық жазушысы**



Өзбекәлі Жәнібеков – ел тарихынан ерекше орын алатын мемлекет әрі қоғам қайраткері, аса ірі ұйымдастырушы, этнограф, қазақ мәдениетінің білімпазы.

**Мырзатай Жолдасбеков,  
академик, филология ғылымдарының докторы**



Өзбекәлі – қазақ халқының ХХ ғасырдағы біртуар перзенттерінің бірі. Оған қиядан атойлап шығып, қисынын тауып, қамал бұзарлық қайраткерлік тән еді. Ол тыңнан жол табатын, реформатор жан еді.

**Манаш Қозыбаев,  
академик, тарих ғылымдарының докторы**



Өз-ағаң өзі өнген түп-тамырдың бар нәрін бойына жинай білген түс перзент еді. Ақ емген адал сүтін халқына түгел қайтарып беру жолында көз жұмғанынша аянбай еңбек етті.

**Әбіш Кекілбайұлы,  
Қазақстанның Халық жазушысы**



Өзекеңнің тыңғылықты зерттеушілік, ғылыми еңбектер жазу шеберлігі ерекше болатын, ол қазақтың мәдени мұралары мен тарихи ескерткіштері, ұлттық-киім, ою-өрнек, би және сәулет өнері жайында жеке-жеке монографиялар жазып бастырды.

**Камал Смайылов,  
жазушы**

## Әулиедей ұлын елейді ел

(Өзбекәлі аға дүние салғанда)

Маңдайына біткен халқымның  
Дара тұлға едің, жан аға.  
Сөнгендей көкте алтын Күн,  
Түнерді бүгін дала да.

Жайсаңдар кетті. Кім қалды?  
Сәуле себуші ең санаға.  
Сұңқардай сұлу тұлғанды  
Сұм ажал алып бара ма?

Сүйсінсең жүзің нұрланып,  
Жалғандық сезсең, шарт сындың.  
Өнерлі болса, тұлға ғып,  
Жас балаға да бас бұрдың.

Жарамсақтарды жасқадың,  
Шындықты айтудан қашпадың.  
Қандай сайларда жүрсең де,  
Биіктерге елді бастадың.

Қарттардың көзі бұлдырап,  
Бауырлар қалды тұнжырап.  
Өлімге Сізді қия алмай,  
Қарындастарың тұр жылап.

Мекен ғып мәңгі сыз жерді  
Қаласыз ба мынау далада?...  
Қара жерге беріп, Сізді енді  
Қалай кетеміз, жан аға?

Әулиедей ұлын елейді ел,  
Нұр төксін Алла Тағала.  
Рухыңмен елді жебей гөр,  
Қош деймін... қайтем, жан аға!

**Фариза Оңғарсынова,  
ақын**

## *Өзбекәлі аға*

...Білем сені, жан аға, жас кезімнен,  
Махаббатқа, бақытқа мас кезімнен.  
Сөйлетіп ең сен Қазан вокзалында  
Шықпап па еді сонда бір жас көзімнен.

...Бірі білмей қазақтың бірі біліп,  
Жүрген тұста жанымды бір ұғынып.  
Жырларымды ЦК-ның бюросында  
Талқылаттың,  
Ұмытпаймын мен оны тірі жүріп.

...Өттің сен де, жан аға, талай жолдан.  
Қалай болды, белгілі қалай болған.  
Жан гүлімді ақырын ашқан сайын  
Тағдырыңды сенің де сан ойлағам.

Бірде биік, бірде ұштың сен төмендеп,  
Бірақ босқа кетпеді еткен еңбек.  
Жүрдің үнсіз бәріне төзіп, шыдап,  
Кірдің елдің жанына көп тереңдеп.

Бірден қайдан кете алсын үміт гүлдеп,  
Соқты алдыңнан жел гулеп, суық гулеп.  
Ел аузынан тастамай айтып жүрді,  
Ел тізгінін ұстайтын жігіт бұл деп.

Ел тізгінін ұстатты,  
ой тізгінін,  
Тоқсан ойға сүйреді тойсыз күнің.  
Бердің жұртқа бойдағы асылыңды,  
Көрдің талай тірліктің жайсыздығын.

Қамқор көзбен қарадың маған дәйім,  
Бірге өсіп, бір туған ағамдайын.  
Шапағатпен өзіңді еске алармын,  
Таусылатын кезде де жанар майым...

Құлап жатыр жұлдыздар көктен ағып,  
Ер жеткен біз ұрпақпыз өрттен қалып.  
Мен секілді талайдың бағын аштың,  
Кемітпедің ешкімді беттен қағып.

Есіміңді еліңнің кең даласы  
Ардақтайды, сен бе едің кем бағасы.  
Шындық бүгін шырқап бір көкке шықты,  
Сол шындықтың өзіңсің бел баласы.

Сен шындықсың – шындықтай келбеттісің,  
Талайлардың жүрегін тербетті ісің.  
Төрт ағанды тірілттің өлді деген,  
Жетіп соған ақылың, жүрек күшің...

**Тұманбай Молдағалиев,  
Қазақстанның халық жазушысы,  
Мемлекеттік сыйлықтың иегері**

### *Азамат керек өзіңдей*

Отаным, Елім, Жерім дейтін  
Руға, жүзге бөлмейтін.  
Тамыры жатқан тереңде  
Тарихын елдің біл дейтін.  
Халықтан жүрер бөлінбей,  
Азамат керек өзіңдей.

Намысты қолдан бермейтін  
Алысқа құлаш сермейтін.  
Желбуаз, жемқор пендені,  
Шамына тиіп жерлейтін.  
Ақ қайыңның безіндей,  
Азамат керек өзіңдей.

Өлкені әнмен тербейтін,  
Өнерін елдің көр дейтін.  
Қазақ үшін аянбай  
Жаныңды да бер дейтін.  
Кешегі баба көзіндей,  
Азамат керек өзіңдей.

Басқамен іргең кең дейтін,  
Ұлты үшін терлейтін,  
Құшағын ашып, мейріммен  
Бар қазаққа кел дейтін.  
Уызы ұлттың сөліндей,  
Азамат керек өзіндей.

**Өзбек Мұқашев,  
Арқалық қаласының Құрметті  
азаматы**

***Әз Наурыз. Өзбекәлі Жәнібековтің  
туғанына 90 жыл***



**«Ұлттық мемлекетіміздің қайтадан қалпына келтірілуіне, тәуелсіз даму жолына түсуіне де Өзағанның сіңірген еңбегі ерекше»**

**Ә.Кекілбаев**

Бүгін Ұлыстың Ұлы күні – Өз Наурыз мерекесі елімізде тойланып жатыр. Дегенмен, коронавирус дертінің таралмауына және тосқауыл қою мақсатындағы енгізілген шектеулерге байланысты белгілеген талаптарға сай мереке атап өтілуде. Айтпағымыз, кеңес үкіметі кезінде қазақ жұрты бастан өткерген небір тағдырлы нәубеттерде ұлтымыздың салт-дәстүрі мен ұстанымдарына, ғұрыптарына қатаң тиым салынған еді. Солардың бірі – Өз Наурыз мерекесін тойлауға тоқтам салды. Атап айтсақ, 1926 жылы Қазақстанда Наурыз мерекесіне ескі ғұрып, мұсылманның діни мейрамы ретінде тыйым салынды. Алайда, 62 жылдан кейін ғана – 1988 жылы Наурыз мерекесі қайта тойлана бастады. Оның жаңғыруына көрнекті мемлекет қайраткері, этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібеков көп еңбек сіңірді. Әлде де сөбесі сөгілмей тұрған кеңес дәуірінің кезінде-ақ 1988 жылдың 22 наурызынан бастап Наурыз мерекесі Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей атсалысуымен Қазақстанда қайтадан ресми түрде атала бастады. Биыл туғанына 90 жыл толып жатқан мемлекет қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібектің мұнан өзге де ұлтымыз үшін сіңірген еңбектері өлшеусіз. XX ғасырда қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін қайта түлетіп, елі үшін аянбай еңбек еткен тұлғалардың бірі — Өзбекәлі Жәнібеков. Кеңестік тоталитарлық қоғамның тар құрсауына қарамастан ол өзінің саналы ғұмырын қазақтың ұлттық мәдениетін жаңғырту, дамыту ісіне арнады. Қазақтың ұлттық мәдениетін жаңғыртуда аянбай тер төккен ол еліміздің әр өңірінде өлкетанулық музейлер ашып, көнеден келе жатқан мәдени жәдігерлерді, асыл жауһарларымызды, бай мұрамызды бір ортаға жиыстыра білді. Айтыс өнерінің де рухани топырақта қайта көгеруінде Өзбекәлі Жәнібеков көп жұмыс атқарды. Ұлттық рухтың ұраншысына айналған Өзбекәлі Жәнібеков қазақ халқы мәдениетінің, ана тілінің, салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпының жаңарып, дамуына сүбелі үлес қосты. Сондай іргелі істерді тізбелей отырып, лайықты бағалай білу кейінгі толқын өкілдерінің парызы. Айталық, басқасын айтпағанда Шымкенттегі Шығыс жастарының көсемі Ғани Мұратбаев ескерткішінің орнатылуына, Отырардағы Арыстанбаб, рухани астанамыз – Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенелерінің қалпына келтірілуіне, Эрмитаждан Тайқазанды алдыруға, Бетпақдаланы игеруге, Шардара су қоймасын салуға, Арыс-Түркістан каналын қазуға ұйтқы болуы соның айқын дәлелі емес пе?. Оның ұлт алдындағы басты еңбегі сол, халқымыздың дарынды жастарына да қамқоршы бола білуі талай жастарға жөн сілтеп, қолдау көрсетті. Әсіресе, өнер адамдарына қол ұшын созып, демеу болды. Оның бастамасымен еліміздің көп жерінде, Отырар, Әзірет Сұлтан, Тараз, Үстірт секілді елді мекендерде этнографиялық музейлер ашылып, «Адырна», «Алтынай», «Сазген», «Сырнай», «Шертер», басқа да фольклорлық өнер ансамбльдері, Арқалық қазақ сазды драма театры дүниеге келген. Қазақстанның мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» және шет елдерінде тұратын отандастарымызбен мәдени байланыс жасайтын «Отан» («Қазақстан») қоғамдары құрылды. Наурыз мейрамының, қазақтың бес арысы – Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев,



Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбергенов есімдерінің туған халқына қайта оралуына белсене ат салысқан тұлғаның еңбегі шындығында ұшан теңіз. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысқан ол «Қазақ ұлттық қолөнерінің мәдениеті», «Эхо...», «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жолайрықта», «Қазақ киімі», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы» атты еңбектерін жарыққа шығарды. Өзбекәлі Жәнібековтің «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің құрылуына ұйытқы болып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынылуына мұрындық болуы — ел болашағы үшін жасалған ұлы іс. Қорық-музей аумағының құжатталуына, шекараларының бекітілуіне, ондағы тарихи ескерткіштердің қайта қалпына келтірілуінде басшылық етіп, киелі Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіруге қатысып, ішкі жұмыстарына тіпті өзі де қызу араласып кеткен кездеріне куә болған жандар аз емес. Сондай естіліктердің біріне сүйенсек: 1982 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші басшысы Дінмұхаммед Қонаевтың Түркістанға арнайы сапары алдында Қожа Ахмет Ясауи ғимаратындағы әлі жөндеуі бітпей жатқан Мешіт пен Қабырхана бөлмелерін қайта өңдеу жұмысына Өзбекәлі Жәнібековтің өзі белсене кірісіп кеткені, қолынан күрек, қайла түскен емес. «Балағын түріп, бет орамалының төрт бұрышын тас түйе басына киіп, зеңбілмен құм тасыған бейне бір аңыз секілді. Бұл орайда көз көргендердің айтуынша, бірде сырттан біреулер «бастықтарың кім?» деп сұраса керек. «Әне, анау адам» деп жұмысты беріле істеп жатқан ағаны көрсетсек, біздің бұл сөзімізге көбі сенбей, күмәндана қарайтын-дейді, естелік айтушы Қыдырбай Арыстанбеков. Ондайда Өзағаң балаша мәз болып күлетін. Ұжымда денсаулығы онша ауыр жұмысқа жарамайтын, бір науқас кісі бар еді. Үнемі костюм-шалбар киіп, галстук тағып жүретін. Аға әлгіндейлерді одан сайын састырып «бастық анау кісі» деп шыртай болып киінген сол кісіге қарай нұсқап жіберетін де, өзі ары қарай жұмысын жалғастырып, зеңбілді көтеріп кете беретін. Бір жылға созылатын құрылысты біз солай екі айдың ішінде бітіріп тастадық»-дейді әріптес ағамыз. Өзбекәлі Жәнібеков Түркістандағы «Түркістан тарихы» музейі ғимаратын қорық-музейдің өз меншігіне өткізуге де көп үлес қосты. Бұл ғимарат кезінде орыс әскерлерінің казармасы болған. XIX ғасыр ескерткіші ретінде мемлекет қамқорлығына алынғанмен Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне қарап, онда трикотаж-тігін фабрикасы орналасқан болатын. Сонымен қатар, тарихымыздың басты қазынасы – Тайқазанды 1989 жылғы 18 қыркүйекте әйгілі Эрмитаждан алдырып, Түркістан топырағымен қауыштырған қажыр-қайраты өз алдына бір төбе шаруа еді. Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 90 жыл толғалы отыр. Осы орайда, Түркістанда Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі «Өзбекәлі Жәнібеков оқулары: Ұлт рухын ұлықтаған Өзбекәлі Жәнібеков» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы мен үстіміздегі жылдың 28 тамызында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде «Ұлт руханиятының жаршысы» тақырыбында көрме ұйымдастырады. Сонымен

бірге, Өзбекәлі Жәнібеков қызмет атқарған Арқалық өңірі де сәуір айында республикалық конференция өткізуді жоспарлап отырғандығы көпшілікті қуантады. Ал, еліміздің басқа өңірлерінде қандай дайындық жұмыстары жүріп жатыр екен?

**Тельман БЕЙСЕНОВ,**

**тарих ғылымдарының магистрі,**

**БЕРІК БАЙБОЛОВ,**

**ҚР «Мәдениет саласының үздігі»,**


**Өзбекәлітанушы**



**Ө. Жәнібеков отбасымен. Жұбайы Қалихан, ұлдары Ниетжан,  
Бауыржан және қызы Жұлдыз. 1966 жыл**



**Отбасымен бірге. Өзекең жұбайы Қалихан, ұлы Бауыржан, келіні Гауһар, немересі Әзелмен**




**Аудандық комсомол ұйымының хатшысы.  
1955 жыл**



**Ата құшағында. Сүйікті немерелері – Әзел мен Мәлика**




**Ө. Жәнібек, Б. Төлегенова және Е. Серкебаев. 1982 жыл**




**Ю. Гагаринмен. Звездный. 1968 ж.**



**Қыз тамы кесенесі маңында (сол жақтан) Ж. Молдағалиев, М. Қаратаев,  
М. Қаратаев, С. Мұқанов, К. Айтмағанбетов, Ө. Жәнібеков.  
Сарыторғай. 1972 жыл**




**Вьетнам Демократиялық Республикасының тұңғыш президенті Хо Ши Миннің қабылдауында болғанда. Ханой, Вьетнам. 1964 жыл**



**Тайқазанды елге алып келуге бірден-бір күш салған – Ө. Жәнібеков**



**Облыстық «Дала өлкесі тарихы» музейінде Өзбекәлі Жәнібековтің мүсіні қойылғанына 20 жыл толды. Мүсіннің авторы Сапарбек Ұзақұлы**



Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы» музейінде Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған көрме



## ***Ұлттық музыка аспаптарының мұражайын құрды***

... Торғай өлкесі Өзбекәліні сүйіспеншілікпен, сағынышпен еске алады. Торғай даласында ол даңқты тұлға еді. Торғайда істеген бірнеше жылдан соң оны Алматыға қызметке ауыстырды. Орталық комитетте жаңадан құрылған халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Бұл жерде ол жаңа іске шын ықыласпен кірісті. Республика басшылығының алдында шетелдік туристерге қызмет ететін «Отырар» қонақ үйін және Медеудегі шетел туристерінің демалыс аймағын салудың қажеттігін мәселе етіп көтерді, шетелдік туризмді дамыту, Қазақстанның халықаралық байланыстарын ұлғайту жөнінде жаңа идеяларды ойластырып жүрді. Бірақ өкінішке қарай, оны тағы да шетқақпайға салып, Мәдениет министрінің орынбасары етіп жіберді. Әрине, Мәдениет министрлігі үшін тәжірибесі мол, кемел ойлы, қайраткер олжа еді. Кәсіптік өнер саласында тәжірибелі, адамгершілік қасиеті жоғары, кісілігін кір шалмаған, көп жыл Мәдениет министрі болған Жексенбек Еркінбеков Ө. Жәнібековке іс-қимылдар еркіндігін бере отырып, оның білімін, тәжірибесін, ұйымдастыру қабілетін ұтымды пайдалана білді. Нәтижесі болмай қалған жоқ. Өзбекәлі өзінің сүйікті ісін тауып, Түркістандағы Ахмет Ясауи мавзолейінен бастап, Мәдениет министрлігі орналасқан әкімшілік үй-жайларын күрделі жөндеуден өткізумен бірге, мәдени ескерткіштерді қайта қалпына келтіру жұмысына барынша беріліп кетті. Болашақ жағдайын алдын ала жан-жақты ойластырып, маңдай терін төгіп жүріп тындырған тағы бір үлкен жұмысы – бұл күнде республика мақтанышы болып отырған ұлттық музыка аспаптарының мұражайы еді. Бұл мұражайға оны құрған адамның атын берсе де болар еді.

Өзбекәлі Жәнібековтің тұлға ретіндегі тағы бір қырын ерекше айтып өту керек. Оның жүрегінде туған Отаны мен халқына деген сүйіспеншілік сезімі ерекше еді. Ол осы перзенттік парызын нақты істерімен ақтауға тырысты. Өзбекәлі ұлт тағдырына қатысты арғы-бергі тарихты, тілді, халықтың дәстүр-салтын терең білетін, сол себепті де ол этнография, мәдениет мәселелеріне байланысты зерттеу жұмыстарымен айналысып, соңына мол мұра қалдырып кетті. Халықтың рухани қажетіне жарайтын бірнеше құнды кітаптар жазды, диссертация қорғады. Алқымға жармасқан аурумен жағаласып жүріп, екі кітаптан тұратын естеліктер кітабын жазып шығарды. Ол осындай жеңілуді, шегінуді білмейтін ер еді.

Ол халқы үшін өмір сүрді. Жанына қылаудай кіршік түсірмей қайыры жоқ, қиянай-құқайы көп өмірден еңкеймей, кеудесін шалқақ ұстап өтті. Ол өмірін туған халқының болашағына арнаған ағаларымен бір сапта тұрады...

**Михаил Есенәлиев,  
мемлекет және қоғам қайраткері**

## ***Өзбекәлі Жәнібектің өмірі мен қызметінің тарихи тізбесі:***

**– 1931 –**

**28 тамыз** – Шымкент облысы, Отырар ауданы, Сарықамыс ауылында дүниеге келген.

**– 1948-1952 –**

Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогикалық институтында оқыды.

**– 1952-1955 –**

Шымкент облысының Келес ауданында мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі.

**– 1955-1956 –**

Келес аудандық комсомол комитетінің 1-ші хатшысы.

**– 1956-1961 –**

Шымкент облыстық комсомол комитетінің хатшысы.

**– 1961-1970 –**

Қазақстан Жастар одағы Орталық Комитетінің хатшысы, 1-ші хатшысы.

**– 1970-1975 –**

Қазақстан Компартиясы Торғай облыстық комитетінің хатшысы

**– 1975-1977 –**

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шетелдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі.

**– 1977-1988 –**

Қазақ КСР Мәдениет министрінің орынбасары, Мәдениет министрі.

– 1982 –

«Культура казахского ремесла» кітабы жарық көрді.

– 1988-1991 –

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы.

– 1990 –

Новосібірде «тарихи-этнографиялық тұрғыда қазақ өнерінің дәстүрлік проблемалары» деген тақырыпта диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты атанды.

– 1991 –

Зейнетке шығады.

– 1991-1997 –

«Эхо», «Уақыт керуені», «Жолайрықта», «Қазақ киімі», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы» 1-2 кітап, «1916 жыл» кітаптары жарық көрді.

– 1998 –

**Ақпан** – Алматыда қайтыс болды.

*Өзбекәлі Жәнібековтің «Қазақ киімі» альбом-кітабындағы  
қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері*



**Қалыңдық киімі. XIX ғ.  
аяғы- XX ғ. басы.  
Қазақстанның орталық  
музейі (ҚОМ)**

**Шапан.  
Барқыт, зер  
кесте.**





Үкілі тақия. Қыз киім-кешегі. ХІХ ғ. Жетісу



Телпек. Мама, сыру.  
Телпек — тюбетейка. Х/б., простежка.  
Cap. Cotton — chain stitch.



Телпек (булығы ішінен де киеді). Тери, тігу.  
Телпек — головной убор под шлем. Шкіра, шитье.  
Headdress under the helmet. Skin, sewing.



Ерлер тақиясы. Кестеленген



**Орта жастағы отағасының киімі**

## *Есімдердің әліпбилік көрсеткіші*

- Абанқызы А. 43  
Адырбек Б. 26,45  
Адырбекұлы К. 46–47  
Айтбайұлы Ө. 12  
Амангелді Ө. 106  
Әбіш А. 44  
Әкімқұлұлы Е. 13,49  
Әлдибекова А. 108  
Әлиев М. 51  
Байжігіт Ғ. 52  
Байтұрсынұлы Д. 53  
Бауыржанқызы Ө. 134  
Бердібай Р. 54  
Бибатырова Ғ. 55  
Данияров Б. 56  
Дарханбаев Ж. 57  
Елтебаева Ғ. 59  
Елшібай Ғ. 60  
Ергөбек Қ. 14,61–63  
Ерман Ж. 15–16  
Есенәлиев М. 64–65  
Есмағанбетов Қ. 66  
Есмырза Ұ. 67  
Жаубасова Т. 68  
Жәкішева З. 17,69  
Жәнібеков Ө. 1–11, 18–20  
27–42.  
Жолдасбеков М. 21–22, 71–72  
Жұмабай Ө. 73  
Жұмахметұлы Е. 100  
Зәңгіров Е. 101  
Имамбаева Д. 48  
Иманбаева А. 74  
Исаева Р. 50, 107  
Камалов Б. 75  
Кекілбайұлы Ө. 76  
Кемелжан Ж. 77  
Кенжебаев С. 104  
Кенжеқұлова А. 78  
Кеңбейіл М. 79  
Қайырбеков Ө. 82  
Қалдыбай М. 81  
Қасенова Р. 84  
Қирабаев С. 85–86  
Қожа М. 87  
Қозыбаев М. 23, 88  
Құлабай Н. 89  
Мақанов Қ. 90  
Мәжитұлы Б. 91  
Мұқатов Н. 92–93  
Мұртаза Ш. 94–95  
Мұстапаева Д. 96  
Найманбай А. 97  
Несіпбай А. 98  
Оразалин Н. 102  
Оспанова Д. 103  
Өмірбеков Ж. 110–111  
Панзабеков К. 112  
Садықов С. 114  
Сарбалаев Б. 25  
Сардарбек К. 115  
Сарыбалаұлы Б. 125, 127  
Сәрсенбай Қ. 116  
Сәрсенғалиева М. 117  
Смайылов К. 118–119  
Сыпатайқызы З. 120  
Тәшімова Ө. 99  
Тоқсанбай Қ. 70  
Тоқтарбаев Е. 121  
Тұрғынбекұлы С. 122  
Тұрсынбайұлы Б. 80  
Уахитов Б. 124  
Хабдина Б. 129  
Шоманұлы Ө. 131  
Шөкен М. 132  
Шүкірұлы С. 133

## *Мазмұны*

Құрастырушыдан.....	5
Ө. Жәнібековтің шығармалары.....	7
Ол туралы әдебиеттер.....	8
Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары.....	9-10
Мақалалар, сұхбаттар, әңгімелер.....	10-16
Замандастар пікірі, арнаулар.....	18
Әз Наурыз. Ө. Жәнібековтің туғанына 90 жыл.....	23–26
Өмірінен фотосуреттер.....	26–32
Ұлттық музыка аспаптарының мұражайын құрды.....	33
Өмірі мен қызметінің тарихи тізбесі.....	34–35
Ұлттық киімдер.....	36–38
Есімдердің әліпбилік көрсеткіші.....	39



Шығ. жауапты:....К. Б. Борибаева  
Құрастырушы:....Г. К. Сейтқожина  
Редакторы:....Ә. Қ. Ахметжанова

Басуға 28.05.2021 ж. қол қойылды.  
Қаріп түрі Times New Roman.

Басылымның көлемі 0,3

Таралымы 5

«Арқалық қаласындағы  
облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы  
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.  
Е – mail:arkounb@mail.ru



